

Қауымдық сервитут орнату туралы

Түркістан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 29 сәуірдегі № 415 қаулысы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18, 69-баптары, Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңының 37-бабына және Кентау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің 2026 жылғы 13 наурыздағы №40-02-03/354 хатына сәйкес, Кентау қаласы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне "Кәріз құбырларын қайта жаңғырту үшін" Кентау қаласы, Әл-Фараби көшесінен Б.Момышұлы көшесіне дейін, 68 мөлтек ауданы (№8, №9, №10 көшелері), Бүргем көшесі бойынан жалпы алаңы 0,3520 га (3520 шаршы метр) (ұзындығы 1760 метр, ені 2 метр) жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгіленсін;

2. Жер учаскесін пайдалану барысында меншік иелері мен жер пайдаланушылардан келісімдерін алу міндеттелсін.

3. "Кентау қаласы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Кентау қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Н.Медеуовке жүктелсін.

Қала әкімі

Ж. Тасов